

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 69 – 73

UDK 340.9(118)

A.B. Smanova

Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
Akmaral.Smanova@kaznu.kz

FEATURES OF THE POLITICAL AND LEGAL VIEWS IN THE WORKS OF THINKERS OF ANCIENT GREEK WORLD OF DEMOCRACY

Abstract. This article is devoted to the term democracy. The analysis of political and legal views about democracy thinkers from the ancient Greek world. The author in this article reviewed and analyzed the works of Plato, Aristotle, Herodotus, Plutarch, and Thucydides.

Democracy is the term for the disclosure of the concept of power. Democracy is the theory of the state on the form of the political regime, in this kind of regime, citizens participate in government and take responsibility before the society, either directly or through their freely elected representatives.

Key words: democracy, government, law, man, citizen, community, society, political regime, legal state.

ӘОЖ 340.9(118)

А.Б.Сманова

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

ДЕМОКРАТИЯ ТУРАЛЫ ЕЖЕЛГІ ГРЕК ӘЛЕМІНІҢ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Қазақстан Республикасының осыдан 25 жыл бұрын егеменді, тәуелсіз, зайырлы және демократиялық республика болып жариялануы қазақ қоғамының болашақ дамуына үлкен әсер еткені мәлім. Тарихқа сүйене 70 жыл бойы қазақ халқының тоталитарлық жүйеден енді шыққан қоғамдағы азаматтардың саяси санасының және сауатының төмен болуы жарияланған мақсатты жүзеге асыру үшін көп жұмыс істеуді қажет етті. Сондай жұмыстардың бірі-демократиялық басқару жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін, даму тарихын оқып, зерттей отырып өзіміздің саяси дамуымызға қажетті жақтарын тиімді пайдалануымызға мүмкіншілік берді. Сондықтан да біз Ежелгі Грециядағы қоғамдық саяси жағдай мен Афина демократиясының қалыптасуы мен дамуын оқып-зерттей отырып, демократия дегеніміз не, және демократиялық биліктің жағымды және жағымсыз жақтарын көрсете отырып, оның неге демократиялық билік түріне қарсы бағыт ұстанғанын, қазіргі кезеңге қандай әсер ететін осы мақала арқылы талдаймыз.

Тірек сөздер: демократия, мемлекеттік, құқық, адам, азамат, қоғамдық, қоғам, саяси режимі, заң үстемдігі.

Қазіргі демократияға қарай жылжудың Қазақстан Республикасындағы саяси процестер үрдісі екендігі сөзсіз, өйткені бұл әрқашанда нақты формада жүзеге асатын, ұлттық модельді құрайтын әмбебап критерийлер мен құндылықтарға қарай жылжу қажеттігі туындауда.

Ежелгі Грециядағы Афина демократиясы әлеуметтік топтардың бейбіт күресінің нәтижесінде экономикалық жағынан дербес азаматтарының өз құқықтары үшін күресуінің нәтижесі. Сондықтан да мемлекеттік құрылымның түрлері жеке-жеке талқылынып, демократиялық құрылыстың негізгі элементтері көрсетілуі алға қойған мақсаттардың бірі.

Ежелгі дүниедегі демократия түсінігі қазіргі кездегі түсініктен ерекшеленеді. Әрине антикалық дәуірдегі демократиялық билік пен қазіргі таңдағы демократияның арасында кезеңнің өз ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтары бар. Қазіргі таңдағы ең танымал демократиялық мемлекеттік тәртіп ұғымы, әлеуметтік әділеттілік туралы түсініктер сол кезден өз бастауын алды. Ертедегі «демократиялық билік» ұғымы халықтың негізгі бөлігінің саясатқа араласуын көздесе, қазіргі кезде адам құқығының қамтамасыз етіліп, сақталуын жүзеге асыратын ұғымымен тығыз байланысты. Демократиялық биліктің қалыптасу тарихына әсіресе ежелгі грек қоғамындағы полистік жағдайдағы басқару жүйесін, афина демократиясының тарихына қызығушылық ежелгі дүниеден басталды. Еліміздегі демократияландыруға деген ұмтылыс барынша күннен-күнге дамып келеді. Осыған байланысты өз бастауын антикалық дүниеден алатын демократиялық бастамалардың қайнар көзін, шығу тарихын, даму ерекшеліктерін, жағымды, жағымсыз жақтарын зерттеп білудің маңыздылығы ерекше.

Ежелгі Греция тарихының, соның ішінде Афина құл иеленуші демократиясының даму тарихының негізгі дерек көздері болып антикалық авторлардың шығармалары жатқызылады. Батыс елдерінің ішінде саяси идеялар Ежелгі Грецияда қатты дамыды. Онда қоғам Шығыс елдерімен салыстырғанда көп жағдайда қарама – қарсы өрістеді. Греция ол кезде саяси бытыраңқы күн кешкен ел еді. Саяси ұйым түрін жеке мемлекет болып саналған қалалар (полистер) құрды. Патшалық өкіметің орнына аристократиялық және құл иелеушілік демократия орын алды. Билеу түрі сан алуан болатын және жиі ауысып отырған болатын.

Ертедегі Греция тарихының зерттелуі антик заманының өзінде-ақ басталды. Осы күні тарих ғылымының қарауында, бізге антик заманы қалдырып кеткен және оларды ертедегі Греция тарихы жөніндегі деректерге жатқызуға болатын көптеген материалдар бар. Бұл деректер көп және әртүрлі. Әдеби шығармалар, олардың ішінде, грек тарихшылары еңбектерінің грек тарихын зерттеу үшін ерекше. Ол еңбектердің кейбіреулері оқиғалардың болған кезінде жазылған, ал басқа еңбектер ерте кезде шығармаларға негізделіп жазылған. Мысалы, б. з. д. III ғасырдың авторлары мәліметтерді V ғасырдың тарихи шығармаларынан алып, көбінесе өзінің пайдаланған дерегін тек өз сөзімен ғана айтып берген.

Деректердің бірі, ол ежелгі антика тарихынан және сол кезеңнің ерекшеліктерінен, тарихи оқиғалар жөнінде хабар беретін, біздің уақытымызға дейін жеткен Аристотельдің еңбектері «Политика»/1/, «Афинская полития» /2/ деп аталады. Бұл бізге сол кездегі саяси жағдайлардан мәлімдейтін бірден-бір құнды еңбек болып табылады. Бұл еңбектерде сол кездегі саяси жағдайлар талқыланып, Аристотель оған баға беріп отырған. Сондай-ақ еңбектерде мемлекеттік құрылымның түрлері жеке-жеке талданып, артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіліп жалпы мемлекет, азамат дегеніміз не деген сұрақтарға жауап берілген. Аристотель өз еңбегінде көбінесе Платонның «Заңдар» шығармасымен салыстырып талдау жасаған.

Кіші Азияда Галикарнас қаласында туған Геродот бірінші тарихшы болып саналады. Бірақ Фукидид «логографтар» қатарына Геродотты да кезінде жатқызған еді. Геродот туралы биографиялық мәліметтер аз, әрі оған толығымен сенуге де болмайды. Ол б. з. д. 484 жылы шамасында туған, ал 431 және 425 жылы аралығында қайтыс болған тәрізді. Кейбір мәліметтерге қарағанда Геродот өзінің туып өскен қаласында саяси өмірге қатынасып, тирандарға қарсы күреседі, бұған байланысты Геродот туған қаласын тастап кетуге мәжбүр болды. Осыдан кейін ол көп саяхат жасайды. Ол Египетте, Сирияда, Вавилонда, Қара теңіздің солтүстік жағалауында болды.

Оның Афинада болудың ерекше маңызы бар. Ол онда афина қоғамының көрнекті қоғам қайраткерлермен (Перикл, Софокл, тағы басқалармен) шамасы жақындасты. Кейбір ғалымдардың ойы бойынша Периклды Геродот таныған сияқты, бірақ біздің қолымызда олардың арасындағы жақындықтың болғандығын айқындайтын дәлел жоқ. Афиналықтардың бастамасымен Италияда Фурия отары құрылғанда, Геродот соған барды.

Геродоттың еңбегі «Грек-парсы соғыстарының тарихы»: «Галикарнастық Геродот төмендегі зерттеулерін заман өткен сайын адамдардың баянды ісі біздің есімізден шығып кетпеу үшін, сондай-ақ біразын эллиндер, біразын варварлар орындаған ірі, таңқаларлықтай тарихи мұралар атақсыз естен шығарып, ұмтылмас үшін, әсіресе олардың арасында болған соғыстың себебі есте қалу үшін ұсынып отыр» – деген сөздермен басталады /3, 265/. Бізге жеткен түрінде Геродот еңбектері музалардың атымен аталған тоғыз кітапқа бөлінеді (антик заманының авторлары кітап деп біздің бөлім немесе тарау деген ұғымға сайкес келеді), бірақ айта кететін нәрсе, бұлайша бөлу Геродоттан кейінірек, эллинизм заманында шыққан. Геродоттың еңбегі Персия патшалығына кірген елдердің тарихын баяндаудан басталды. Геродоттың еңбегінде мәліметтердің шындығы

эртүрлі. Геродоттың еңбегі екі ағымның әсері бойынша қалыптасты. Ол өзінің бұрын өткен иондықтардан өткендегі уақиғаларға көңіл бөлуді, өткен оқиғаларды әңгіме студия түрі мен тәсілін және мифтерге рационалистік көзқарастың кейбір элементтерін мирас етті: бірақ Геродоттың бұл сияқты рационализмі Афинаға келген соң ерекше көзге түседі: мұнда оған грек философиясындағы софистикалық жаңа бағыттың уәкілдерімен кездесуге тура келеді, сондықтан Геродоттың эпос шығармаларының формасына ұқсастау жазылған еңбектеріне уақиғаларды рационалистік тұрғыдан түсіндіруге талап еткендік бар.

Геродот эпос поэзиясына өте жетік еді, логографтардың, соның ішінде Гекатей Милетскийдің еңбектерін жақсы білді, өзі кейде Гекатейдің еңбегіне сүйенді, ал кейде онымен айтысып отырды. Геродот грек-парсы соғыстары жөнінде жазғанда, Афина негізгі күресуші күш деп қарайды: «...ақиқатқа қарсы күнәкар болмай-ақ, Эллады жаудан сақтап қалушылар - афиналықтар деп атауға болады» - дейді Геродот /3, 220/.

Ежелгі Афина полисінің тағы бір өкілі болып Фукидидті жатқызамыз. Фукидидтің дүние тануында, саяси көзқарастары да Афинада өмір бойы билеп өткен Перикл заманында қалыптасты. Ол софистиканың өрестеген кезі еді. Ең тиімді саяси құрылыс, Фукидид бойынша, ол Периклдың тұсындағы Афина демократиясы. Атап айтсақ, демократияның антикалық түсінігі біздің қазіргі түсінігімізден ерекшеленеді, себебі Периклдың билігін біз демократиялық диктатура деп атасақ та болады. Бірақ осы жағдай Фукидидтің ойы бойынша дұрыс болып табылған, ал Периклден кейінгі демократия көсемдерін ол сынады, халықтың ең бір жаман пиғылдарына, іс әрекеттеріне жол береді деген. Фукидид бізге Периклды қатты әсерлеген бейнесін көрсетеді, бірақ біз оны тек қана сондай деп қарастырмауымыз керек емес. Негізінде, ол аристократтар семьясынан шыққан және Плутархтың айтуы бойынша халыққа деген қозғарасы белгілі дәрежеде үстірт еді /4, 323/.

Фукидид оқиғалардың себептері мен сылтауларын айқын айырып отырды. Жаратылыстан тыс ғажайып күштерге сенуден арылып жетпеген Геродотқа қарағанда, біз Фукидидті рационалист тарихшы деп атай аламыз.

Көптеген публицистика бағытындағы шығармалардан V және VI ғасырлардағы Афинада болған әлеуметтік және саяси ауыр күрестерді көруге болады. Псевдоксенофонттың «Афина политиясы» деп аталған шығарма осындай шығармалардың бірі. Бұл трактат жазушы Ксенофонттың шығармаларының арасында табылған үшін осылайша аталып кетті, бірақ мазмұны жөнінен де оның авторын Ксенофонт деп айтуға болмайды. «Афина политиясы» Пелопоннес соғысының бас кезінде пайда болды деп жориды, бұл шығарманың авторы бізге белгісіз, трактаттың мазмұнына қарағанда, мұның авторы – демократияның дұшпаны, олигархиялық тәртіпті жақтаушы афиналық деп айтуға болады.

Афина демократиясының тарихы туралы мәліметтерді Платон еңбектерінде табуға болады. Платон б.з.б. 427 – 347 жылдарда өмір сүрді. Шын аты Аристокл. Жасында спортпен көп шұғылданды, жоғары көрсеткіштерге де жетті. Жауырыны кең болды, сондықтан оны Платон (кең жауырынды) деп атап кетті. Сол атпен ол адамзат тарихында мәңгілік қалды.

Платонның екі жүздей еңбектері бар. Олардың ішінде біздің ғылымымызға тікелей қатысы бар шығармалары «Мемлекет», «Саясатшы», «Заңдар» /5/ және т.б.

Плутарх шамамен 46 жылы Херонея қаласында туылып 120 және 130 жылдар аралығында қайтыс болған. «Избранные жизнеописания» /6/ еңбегінде ол атақты гректер мен римдіктердің биографияларын жазды. Тарихшылар үшін оның еңбегі құнды дерек болып табылады, бірақ Плутарх өзін тарихшы деп санамады. Александр Македонскийдің биографиясына кіріспе ретінде ол былай жазған: «Мы пишем не историю, а биографии, и не всегда в самых славных деяниях бывает видна добродетель или порочность, но часто какойнибудь ничтожный поступок, слово или шутка лучше обнаруживают характер человека, чем сражения с десятками тысяч убитых, огромные армии и осады городов» /6, 145/.

Плутарх өзінің еңбегінде, Афина демократиясының қалыптасуына үлкен әсер берген, б. з. VI ғасырдағы Афинаның атақты заң шығарушысы Солонға және оның реформаларына үлкен мән береді. «Әлемнің жеті кереметінен» басқа антикалық дәуірде «жеті данышпан» да саналған еді, соның бірі Солон болып табылатын еді /6, 25/.

Адамдар қауымдастығын басқару мәселесі әлі күнге дейін даулы мәселелердің бірі. Билік басындағы адамдардың немесе саяси топтың білім және мәдени дәрежесі билік формаларының түріне әсер етеді. Билік түрінің қалыптасуына әсер ететін екінші мәселе – халықтың саяси мәдениеті, саяси санасы. Экономикалық жағынан дербес, саяси құқық дегеніміз не, оны қалай бекіте түсуге болады деген мәселеде халықтың түсінігі болса халық өзін жәбірлетпейді. Егер

қоғамдағы азаматтар саяси және экономикалық жағынан дербестікке қол жеткізсе билік түрінің қалыптасуына ықпал ете алады.

Бірақ, сонда да антикалық демократияның құнды белгілері теория мен практикаға ендірілді: заңның үстемдігі, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, саяси құқықтардың теңдігі. Демократиялық биліктің – ең басты жағымды қасиеті – халықты саяси билікке араластыра отырып, әрбір азаматтың өз құқығын сақтауға мүмкіндік беруі, жасампаздық, еңбекке ұмтылуға жағдай жасалуы.

Сонымен бірге Афина демократиясының кемшіліктері де бар. Бірінші, - Афина демократиясының құл иеленушілік сипаты. Екінші, Афина демократиясы одақтастарымен қарым-қатынасқа түскенде демократиялық принциптерді басшылыққа ала алмады.

Қазіргі ресейлік философ К. М. Контор: Ресей мен Батыс Еуропаның антикалық мәдениеттен түп тамыры бір, - деп есептейді /7, 211/ Ежелгі шығыстағы мемлекеттерден айырмашылығы: жеке дара бостандықтан шыға отырып, антикалық мәдениеттің парадигмасы, мәдениеттің орталығы ретінде дербес жеке адамды мойындайды. Бірақ, бостандық, еркіндік, түсінігінің өзі 2 түрлі. Сол кездің өзінде Аристотель индивидуализмді мадақтады (антропоцентризм), Платон бостандықтың этатистік принциптерін (социоцентризмді) қолдады. «Тарих ағымында, - деп жазады К. Контор – осы екі парадигмалық принцип өзара тәуелділікті сақтай отырып, сырттай таралып кетті, антропоцентризм принципі Батыс еуропалық тарихтың анықтаушы факторы болды, ал социоцентризм (этатизм) принципі Византия тарихының негізгі факторы болды, кейінгі оның мұрагері Ресей».

Платон «Мемлекетті дүниеге әкелетін біздің қажеттіліктеріміз» деген ойларын реалистік тұрғыда қалыптастырған. Ол адам баласының қажеттіліктері түрі мен оны қанағаттандыру үшін атқарылған еңбектерді зерттей отырып мемлекеттің негізгі еңбек бөлінісінде деп шешкен. «Көп адамдар өзінің көптеген қажеттіліктерін (тамақ табу, үй салу, киім тігу және т. б.) қанағаттандыру үшін бірге тұрып бір-біріне көмек беру үшін бірігеді, сондықтан да біз осындай ортақ елді мекендерді мемлекет деп атаймыз».

Аристотельдің «Политика» еңбегі мынандай сөздермен басталады: «Әрбір мемлекет бірігіп өмір сүру формасының бір түрі немесе мемлекет белгілі бір саяси құрылымды пайдаланатын азаматтардың бірігіп өмір сүру салты». Антикалық философиялық саяси-пікірлерде әртүрлі саяси режимдер сипатталады, мысалы, Аристотельдің саяси концепциясында әртүрлі саяси түлердің және олардың сыныпталуының абстракт үлгісін дайындады: «3 түрі дұрыс – патшалық билік, аристократия және полиция – және содан ауытқитын үш түр тирания – патшалық биліктен, олигархия – аристократиядан, демократия – полициядан». Стагирит мемлекетке табынбады, оны әлеуметтік қатынастардың жоғарғы формасы деп есептеді. Құқық пен заңнан тыс өмір сүрген адам дүниеде мағынасыз орын алады. Осылай аристотельдік ілім мемлекеттік құрылымның формалары туралы оны тиісті сәйкес қағидалармен ұштастырды аристократия қағидасы - рақымшыл, игілікті, олигархия - байлық, демократия - бостандық, оның саяси көзқарастар жүйесінде негізгі орынды алады.

Аристотель «алтын орталық» мәселесін зерттеген: билігі жоқ шектен құтылудың және шектен шыққан шамадан тыс бақылаусыз биліктен қашудың тәсілін қарастырды. Ол саналы шекарада сақтайтын биліктің легитимді формаларын ажыратты (монархия, аристократия, полиция) қауіпті шектерге икемделген легитимді емес – тирания, олигархия мен демократияны қарастырды. Аристотель анархияға өз кезегінде қарама-қайшылықты тудыратын – тиранияға бейімделіп, айналды. Антикалық ойшыл бізге де ықпал ететін маңызды бір заңдылықты ашты: егер халық ішкі өзін өзі шектеу мен өзін ұстай білуге қабілетсіздігін жарияласа, оның үлесіне тәртіпті күшпен көндіретін және өз кезегінде шексіздікке икемделген тирания орын алады деп пайымдаған.

Аристотельдің ойынша, мемлекет – қауымның дамыған түрі, ал қауым – отбасының дамыған түрі. Мемлекетке адамдар белгілі бір игілікке жету үшін бірігеді. Ол мемлекетті дұрыс және бұрыс түріне бөлді. Дұрыс түріне монархияны, аристократияны және полицияны (Аристотель дәуіріндегі Грециядағы мемлекеттік құрылыс) жатқызды. Ал тирания, олигархия мен демократияны мемлекеттің бұрыс түрі деп санады. Мемлекеттің дұрыс түрінде әкімдер халық, ел пайдасын ойлайды, билік қоғамға қызмет етеді. Ал бұрыс түрінде олар өз бастарының пайдасын ойлайтыны көрінеді.

Аристотель, билікті бөлу қағидасын білді. Ол басқару формасы мен ондағы халықтың құрамындағы басым топтардың арасындағы тығыз байланысты қарастырды. Аристократияда «жақсылар», олигархияда - байлар, демократияда - кедейлер үстемдік етті; демократияның барлық түрі де халықтың сол немесе басқа элементтерінің шамадан тыс көп болып кетуінен: егер шамадан тыс көп болу егінші халықтың жағында болса, онда орташа демократия, ал егер қолөнершілер,

жұмыскерлер көп болса, онда соңғы түрі. Осының негізінде ол қоғамды екі типке бөледі: толық және толық емес. Өз кезегінде толық қоғам үш түрлі болады: қала (кіші қоғам), халық (орта қоғам) және адамзаттық (ұлы қоғам). Толық емес қоғамның үш деңгейі бар: отбасы, елді мекен (деревня), қалалық бөлік. Өзара біріккен халық санының өсуіне байланысты адамдар. Егер адамды оқшау алып қарайтын болса, ол «саналы тірі жан», ал егер оны қоғамның құрамында алып қарайтын болса «саяси» немесе «қоғамдық хайуан» /8, 89/.

Адам мәселесі – азаматтық философияның пәні; азаматтық философияның бөлігі, тұлғаның іс-әрекеті мен құлқы этика деп аталады, қала мен оның тұрғындарына қатысты бөлігі – саяси философия. Афина ойшылдарының пікірінше, атты күштер, өзіндік аристократиялық және олигархиялық болды, ауыр қаруланған жаяу әскер – басқарудың орташа образына, ал жеңіл және теңіздік күштер – демократиялық болды.

Қорытындылай келе айтарымыз, адамзат тарихында басқару жүйесі туралы талас ешуақытта толастамайды. Бірақ адамдар мүмкіндіктері толық көрсете алатын, өз құқы үшін күресе алатын билік түрі демократия екені даусыз. «Биліктің қайнар көзі халық» деген Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қағиданы бізде жүзеге асыруға тиіспіз. Қазіргі демократияға қарай жылжудың Қазақстан Республикасындағы саяси процестер үрдісі екендігі сөзсіз, өйткені бұл әрқашанда нақты формада жүзеге асатын, ұлттық модельді құрайтын әмбебап критерийлер мен құндылықтарға қарай жылжу.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Аристотель. «Политика». – М: Мысль, 1984. – 225 с.
- [2] Аристотель. Афинская Политика / Пер. с. И. Радцига, М. – Л., 1936. – 219 с.
- [3] Геродот. История. Книга первая. Клио. В кн. : Историки античности: В двух томах. Том первый. Древняя Греция; Пер. с древнегреч. – М.: Правда, 1989. – 334 с.
- [4] Фукидид. История. /Пер. Стратоновского. – М., 1980. – 440 с.
- [5] Платон. «Сочинения» в 3т. под ред. А. Ф. Лосева, В. Ф. Асмуса. М; «Мысль», 1971. – 354 с.
- [6] Плутарх. Избранные жизнеописания. В двух томах. Том 1. Пер. с древнегреч. – М.: Правда, 1986. – 922 с.
- [7] Кантор К.М. История против прогресса. – М.: Наука, 1992. – 69 с.
- [8] Касымжанов А. Х. Абу-Наср аль-Фараби. /Мыслители прошлого. – А., 1997. – 126 с.

REFERENCES

- [1] Aristotel. «Politika». – М: Mysl, 1984. – 225 s.
- [2] Aristotel. Afinskaya Politiya / Per. s. I. Radciga, M. – L., 1936. – 219 s.
- [3] Gerodot. Istoriya. Kniga pervaya. Klio. V kn. : Istoriki antichnosti: V dvux tomax. Tom pervyj. Drevnyaya Greciya; Per. s drevnegrech. – М.: Pravda, 1989. – 334 s.
- [4] Fukidid. Istoriya. /Per. Stratonovsogo. – М., 1980. – 440 s.
- [5] Platon. «Sochineniya» v 3t. pod red. A. F. Loseva, V. F. Asmusa. М; «Mysl», 1971. – 354 s.
- [6] Plutarx. Izbrannye zhizneopisaniya. V dvux tomax. Tom 1. Per. s drevnegrech. – М.: Pravda, 1986. – 922 s.
- [7] Kantor K.M. Istoriya protiv progressa. – М.: Nauka, 1992. – 69 s.
- [8] Kasymzhanov A. X. Abu-Nasr al-Farabi. /Mysliteli proshlogo. – А., 1997. – 126 s.

УДК 340.9(118)

А.Б.Сманова

Казахский Национальный университет имени ал-Фараби, г. Алматы

ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫХ ВЗГЛЯДОВ В ТРУДАХ МЫСЛИТЕЛЕЙ ДРЕВНЕ-ГРЕЧЕСКОГО МИРА О ДЕМОКРАТИИ

Аннотация. Данная статья посвящена термину демократия. Сделан анализ политико-правовым взглядом о демократии у мыслителей древне греческого мира. А также в данной статье автором рассмотрены и проанализированы труды Платона, Аристотеля, Геродота, Плутарха, Фукидида.

Демократия это термин для раскрытия понятия власти. Демократия является по теории государства формой политического режима, в этом виде режима граждане участвуют в управлении государством и принимают на себя ответственность перед обществом либо непосредственно, либо через своих свободно избираемых представителей.

Ключевые слова: демократия, государство, право, человек, гражданин, общество, социум, политический режим, правовое государство.